

<sup>1</sup>Қуатбеков Ш.Н.<sup>а</sup>, <sup>2</sup>Есиркепов Ж.М., <sup>2</sup>Құрманбаев Б.І., <sup>1</sup>Ержанов С.Ө.,  
<sup>2</sup>Омаров Н.С.

<sup>1</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан  
<sup>2</sup>Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан

## ПРОФЕССОР МҰРАТХАН ТӘНЕКЕЕВТИҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МЕН ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫ ДАМУДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

Қуатбеков Шеризат Ниеталиұлы, Есиркепов Жандос Мergenбайұлы, Құрманбаев Болат  
Ізтілеуұлы, Ержанов Серік Өмірзақұлы, Омаров Нұрлан Сұлтанұлы

**Профессор Мұратхан Тәнекеевтің дене тәрбиесі мен ұлттық спортты дамытудағы  
ағартушылық идеяларының жүзеге асырылуы**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ халқының дене тәрбиесі мен спорт саласындағы көрнекті ғалымы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор М.Тәнекеевтің ғалыми-педагогикалық мұрасын, дене тәрбиесі мен ұлттық спортты дамытудағы тағылымдық идеяларын жүзеге асыру бағыттары қарастырылады. Ғалымның ғылыми еңбектерін зерделеп, жас ұрпаққа насихаттау жолдары нақтыланады. Профессор М.Тәнекеевтің ұлттық спорт пен дене тәрбиесін ұйымдастырудағы ізденістерін, тарихи-педагогикалық ой-пікірлерін жүйелеу және жаңа бағытта оқу-тәрбие үдерісіне ендірудің педагогикалық тиімділігі көрсетіледі. Колледж студенттеріне арналған «Тәнекеев тағылымы» атты арнайы курстың бағдарламасы жасалып, тәжірибеге енгізілді. Тәжірибе барысында студенттерді Мұратхан Тәнекеевтің шығармашылығымен терең таныстыра отырып, оның педагогикалық көзқарасын кеңінен талдаумен қатар, ғалымның шығармашылық мұрасы негізінде жастарды еңбексүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелеу бағытында жұмыстар жүргізілді. М.Тәнекеевтің ғылыми-шығармашылығындағы аса құнды еңбегі «Қажымұқан» кітабы. Осы кітап арқылы палуанның бойындағы Отансүйгіштік, достық, сыйластық, адалдық, кішпайлділік, туған жер мен тілге зор құрмет сияқты асыл қасиеттер мен тұлғалық ерекшеліктерді дәріптеп, өскелең ұрпақтың бойына сіңіруге үндейді. Мақалада осы мәселелер жан-жақты баяндалады.

**Түйін сөздер:** ұлттық спорт, ұлттық ойындар, дене шынықтыру және спорт, оқу-тәрбие үдерісі.

Kuatbekov Sherizat Nietalievich, Yessirkepov Zhandos Mergenbaevich, Kurmanbayev Bolat  
Iztileuovich, Yerzhanov Serik Umurzakovich, Omarov Nurlan Sultanovich

**Implementation of the instructive ideas of Professor Muratkhan Tanikeev in the development of  
physical culture and national sports**

**Abstract.** This article discusses the directions of the implementation of the scientific and pedagogical heritage of the outstanding scientist of the Kazakh people in the field of physical culture and sports, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor M. Tanekeev, his instructive ideas in the development of physical culture and national sports. The scientific works of the scientist will be studied, the ways of propaganda of the younger generation will be explained. The pedagogical effectiveness of the systematization of searches, historical and pedagogical reasoning of Professor M. is shown. Tanikeeva in the organization of national sports and physical education and the introduction of new directions into the educational process. A special course program for students of the college «Tanikeev tagylymy» has been developed and put into practice. During the practice, work was carried out to educate young people to diligence, morality based on the creative heritage of the scientist, as well as a broad analysis of the pedagogical point of view, in-depth acquaintance of students with the work of Muratkhan Tanikeev. The most valuable work of M. Tanekeev's scientific and creative activity is the book «Kazhimukan». This book glorifies such noble qualities and personality traits of a fighter as patriotism, friendship, respect, loyalty, dedication, respect for his native land and language, and is also designed to instill them in the younger generation. The article details these issues.

**Key words:** national sports, national games, physical culture and sports, educational process.

Қуатбеков Шеризат Ниеталиевич, Есиркепов Жандос Мergenбайұлы, Курманбаев Болат  
Изтілеуович, Ержанов Серик Умирзакович, Омаров Нурлан Султанович

**Реализация поучительных идей профессора Муратхана Танекеева в развитии физиче-  
ской культуры и национального спорта**

**Аннотация.** В данной статье речь идет о научно-педагогическом наследии выдающегося ученого казахского народа в области физического воспитания и спорта, доктора педагогических наук, профессора М. Танекеева, путях реализации воспитательных идей в развитии физической культуры и национальных видов спорта. Изучены научные труды ученого, а также пути их популяризации среди подрастающего поколения. Показана педагогическая эффективность систематизации

исследований, историко-педагогических рассуждений профессора М. Тәнекеева в организации национального спорта и физического воспитания и внедрении в учебно-воспитательный процесс новых направлений. Разработана и внедрена в практику программа спецкурса для студентов колледжа «Тәнекеев тағылымы». В ходе практики студенты были ознакомлены с творчеством Муратхана Тәнекеева и велась работа в направлении воспитания молодежи к трудолюбию и нравственности на основе творческого наследия ученого. Наиболее ценным произведением научной и творческой деятельности М. Тәнекеева является книга «Кажимукан». Через эту книгу он прославляет благородные качества и черты личности борца, такие как патриотизм, дружба, уважение, честность, смирение, большое уважение к родному краю и языку, и призывает прививать их подрастающему поколению. Эти вопросы подробно описаны в статье.

**Ключевые слова:** национальный спорт, национальные игры, физическая культура и спорт, учебно-воспитательный процесс.

**Кіріспе.** Руханият пен білім беру салаларын дамытуды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасында: «Жаңа да жүйеленген білім ғылыми-педагогикалық айналымға да қосылуы үшін, яғни монографиялар мен ғылыми басылымдардың тақырыбы ғана болып қоймай, жоғары және орта мектептердің оқулықтары мен оқу бағдарламасына ену үшін жұмыс атқару айрықша маңызды» екендігі нақты көрсетілген [1].

Қазіргі ұлттық сананың көтерілуіне байланысты «ақтандық» беттері ашылып, рухани байлықтарымыз бен төл мәдениетімізге және сапалы білім мен саналы тәрбие беруге жаңаша көзқарас тұрғысынан қарауға мүмкіндіктер туып отыр. Қоғамымыздағы қалыптасып отырған әлеуметтік-саяси ақуал өткенімізді объективті тұрғыдан дұрыс бағалауға, мәдениет пен өнер, білім және ғылым салаларында, сонымен қатар, педагогикалық ғылым тарихының жаңа мазмұнда сипат алуына мүмкіндіктер туғызып отыр. Тәрбиедегі табыстарға өткеннің тәжірибесін шығармашылықпен игеру арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Қазіргі кезде халық үшін өзінің тарихына тереңірек үңіліп, ата-бабалардың ғасырлар бойы ұрпағына қалдырған тәжірибесі мен білім жөніндегі өмір мектебін зерделеп, оның қажеттіліктерін қоғам, орта талаптарына сай сұрыптап, мектептер мен жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісіне ендірудің қажеттілігі өмір талабынан туындайды.

Халық арасында, сан алуан әлеуметтік өмірдің салаларына жататын мамандық, кәсіптерге байланысты атақ лауазымға ие азаматтар көп. Олар адамға табиғаттың сыйы мен өте зор талпыныстың арқасында келеді. Бұл топқа әсіресе спорт саласында елден оза шауып, өз өнерімен көзге түскен спортшылар, ақын-жазушылар, әр түрлі өнер, кәсіп мамандары жатады. Міне, осылардың барлығы сол халықты құраушы ер азаматтардың жеке бастарына тән қайталанбас қасиеттерінің жиынтығынан тұрады.

Қазақ педагогикасы тарихының қалыптасуына зор еңбек жасаған тұлғалар қатарына профессор Мұратхан Тәнекеевтің есімін батыл атауға болады. Бұл тұрғыда айтулы ағартушы ғалымдардың замандасы, Қазақстанда ұлттық спорт, дене тәрбиесі және спорт саласын дамытуда ерекше үлес қосқан ұлағатты ұстаз, дарынды ғалым, педагогика ғылымының докторы, профессор Мұратхан Тәнекеевтің оқырман қауымға қалдырған ғылыми педагогикалық мұрасы, ғылыми еңбектері мен оқулықтары қазақ педагогикасының алтын қорына қосылған сүбелі үлес болып табылады.

Осы орайда, біздің зерттеуіміздің арқауы болып отырған еліміздегі дене тәрбиесі мен спорт саласының талантты білгірі және оны ұйымдастырушылардың бірі педагог, ағартушы, ғалым, профессор М.Тәнекеевтің алатын орны ерекше.

Сондықтан тарихқа үңілу, ғалымдардың өздері өмір сүрген заманындағы қол жеткізген жетістіктерін зерделеу, оны қазіргі таңдағы оқу-тәрбие үдерісіне пайдалану педагогикалық іс-әрекетті шығармашылықпен құруға зор мүмкіндік береді.

М.Тәнекеев Орта Азия мен Қазақстандағы дене шынықтыру және спорт тарихын тұңғыш зерттеуші педагогика ғылымдарының докторы, профессор, бүкіл дүниежүзілік дене тәрбиесі комитетінің корреспондент мүшесі, 300-ден астам ғылыми еңбектердің, оның ішінде 29 кітап пен монографиялардың авторы, КСРО Жоғарғы мектеп озат қызметкері, Қазақ КСР, Қырғыз КСР және КСРО Жоғарғы Кеңестерінің Құрмет грамоталарының иегері, дене тәрбиесі және спорт саласындағы қазақтың тұңғыш ғалымы әрі тұңғыш профессоры, Қырғыз дене тәрбиесі институтының құрметті профессоры [2].

М.Тәнекеевтің зерттеген еңбектері мен ұстаздық қызметін талдау, ғылыми тұжырымдар жасау, зерттеу жұмысымыздың өзектілігін айқындайды. М.Тәнекеевтің негізгі еңбектері Қазақстандағы ұлттық спорт пен дене тәрбие-

сінің даму саласына арналған. Нақтырақ айтсақ, ол дене тәрбиесінің халықтық педагогикасы сияқты көкейтесті мәселесінің негізін қалады. Сондықтан ғалымның 1990 жылы «Халық педагогикасы» Бүкілодақтық ассоциациясы басқармасының мүшелігіне сайлануы табиғи құбылыс болып саналды.

М.Тәнекеев еліміздің дене тәрбиесі мен спорт тарихында өзіндік өшпес із қалдырған, сан қырлы талант иесі. Осы тұрғыдан Орта Азия мен Қазақстанның дене шынықтыру және спорт тарихын, ұлттық спорт ойындарын, салт-дәстүрлерін тұңғыш зерттеуші М.Тәнекеевтің педагогикалық мұрасының негіздерін зерттеу арқылы жас ұрпақтың зердесі мен танымының кеңеюіне және отандық педагогика тарихын дұрыс түсінуге, оны мазмұндық жағынан толықтырып, жаңаша сипат алуына мүмкіндік береді.

М.Тәнекеевтің еңбектерін, ғылыми-педагогикалық мұрасын зерттей отырып, педагогикалық идеяларына байыпты да, лайықты баға беру тарихи қажеттілік деп бағалаймыз. Сондықтан, бұл мәселенің қазіргі кездегі жоғары және орта мектептердегі дене тәрбиесін ұйымдастыруға деген қажеттілігі мен оның педагогика тарихында жете зерттелмеуі арасында қарама-қайшылықтар байқалады. Бұл, бір сөзбен айтуға сыймайтын, жан-жақты талдауды қажет ететін күрделі мәселе. Дейтұрғанмен, М.Тәнекеевтің педагогикалық мұралары терең зерттелмегенін ескеріп, бұл ғылыми-зерттеу жұмысымыздың қажеттілігі қазіргі заман талабына сай, өзекті мәселелі тақырып деп толық айта аламыз.

М.Тәнекеевтің педагогикалық мұраларындағы ұсынған бағыт-бағдарына сай қазіргі жарнаған уақытта жаңаша қарастырылуы тиіс.

**Зерттеудің мақсаты:** профессор М.Тәнекеевтің ұлттық спорт пен дене тәрбиесін ұйымдастырудағы ізденістерін, тарихи-педагогикалық ой-пікірлерін жүйелеу және жаңа бағытта оқу-тәрбие үдерісіне ендірудің педагогикалық тиімділігін көрсету.

**Зерттеудің әдістері мен ұйымдастырылуы:** Философиялық, тарихи-этнографиялық, этнопсихологиялық әдебиеттерді теориялық талдау, мерзімді баспалардағы ғылыми мақаларға шолу, мұрағат материалдарын жинақтау және талдау жасау, оқулықтарды зерттеу, әңгімелесу, жинақталған материалдарды саралап өңдеу. Ғалым идеялары мен ғылыми жаңалықтарын моделдеу.

«Өз елі, өз ерлерін ескермесе, Ел тегі, қайдан алсын кемеңгерді» – деген қазақтың

құлагер ақыны Ілияс Жансүгіровтың осы бір жыр шумақтары – қазақ зиялыларын түгендеп, олардың өзінің тарихи тұғырына тұрғызу – олардың ғылыми-педагогикалық шығармаларын халыққа жеткізу – елдік, адамгершілік парызымыздың бірі екенін ескерткендей [3].

Халқымыздың өткен тарихындағы озық педагогикалық дәстүрлерін, ұлттық және адамзаттық құндылықтарын, ұлттық ойындар тарихын және ұлттық салт-дәстүрлерін дене шынықтыру және спорт тарихын тұңғыш зерттеуші ғалым, профессор М.Тәнекеевтің сан-салалы білімдарлығының арқасында халқымыздың оқу-ағарту ісіне ерекше үлес қосқаны баршамызға мәлім. М.Тәнекеев КСРО Мемлекеттік спорт комитетінің дене тәрбиесі комиссиясының және КазКомСпорт ғылыми-әдістемелік кеңесінің, Ұлттық спорт түрлері федерациясының мүшесі қызметін атқарды.

М.Тәнекеевтің есімі бүгінгі таңда тек қазақ елінде ғана емес, бүкіл дүниежүзілік дене тәрбиесі және спорт комитетіне танымал екендігіне шығармашылық жұмыстары дәлел. Ғалымның жекелеген еңбектері ағылшын, неміс, француз және моңғол тілдерінде басылымға шықты. Ұзақ жылдар бойы ірі халықаралық симпозиумдар мен конференцияларда, «Қазіргі қоғамдағы спорт» тақырыбындағы дүниежүзілік ғылыми конгресте Кеңес Одағы және отандық спорт ғылымында өкілдік еткен. Қазақтың спорт және туризм академиясының алғаш вице-президенті қызметін атқарды. Ғалым әлденеше рет Монғолия, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Әзірбайжан елдерінде өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда ұлттық спорттың ерекшеліктері жайында ғылыми баяндамалар жасады.

М.Тәнекеев спорттың бұқаралығын өрістету арқылы мемлекеттің болашақ тірегі саналатын балалар мен жасөспірімдерді жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеудің ғылыми жүйесін ұсынған, дене тәрбиесінің халықтық педагогикасының негізін қалаған бірден-бір ғалым.

Мұратхан Тәнекеев 1943 жылы небәрі 15 жасында Ленинград қаласындағы (қазіргі Санкт-Петербург) П.Г.Лесгафт атындағы Ленин және Қызыл Ту орденді дене тәрбиесі институтына барып, қыр баласының қабылдау сынағынан қиналмай өтуі көп нәрсені аңғартады. Бұл кезеңде мұндай тәуекел жасау қазақ жастарының қолынан келе бермейтін іс еді. Институтта оқып жүргенде, 16 жасар Мұратхан тұңғыш рет шаңғы спортымен шұғылданып, өзінің спортқа құштарлығымен

танылды. Ол туралы «Красный спорт» газетінің 14 наурыз 1944 жылғы №11 санындағы тілші В.Лауттың «Мечта Муратхана Таникеева» деген мақаласында: «Этой зимой шестнадцатилетний Муратхан Таникеев впервые стал на лыжи. Сейчас он – один из лучших лыжников института, участник городских и республиканских соревнований. У него третий разряд по лыжам. Отличается Таникеев в гимнастике и беге. Отлично проходит общеобразовательные предметы. – Моя мечта, – говорит Муратхан, – достигнуть новых спортивных рекордов», – деп жазылған [4]. Оны тағдыр тауқыметі жастайынан еңбексүйгіштік пен төзімділікке үйретті. Сол мақалада автор П.Г.Лесгафт атындағы дене тәрбиесі институтының қырғыз бөлімшесінде оқитын он алты жасар бозбала М.Тәнекеевтің сол қыста шаңғы спортымен айналыса бастағанын, алғашқы нәтижелерінің жақсы екенін айта келе, институт шаңғышыларының көшін бастағанын, оның шаңғы спортынан үшінші дәрежелі спортшы атанғанын жазады. Сонымен бірге, автор М.Тәнекеевтің жүгіру мен гимнастикада да нәтижелі көрсеткіштерге жеткенін атап көрсетеді. Оның сабақ үлгірімі де жақсы екенін алға тартады. Мұратханның арманы – спортта жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізу екенін айтады.

Ғалым туралы В.Лауттың материалын оқи отырып, жастайынан қаншама қиындық көрсе де мойымай, алға қойған асқақ арманына жету жолында табандылық пен төзімділік танытып жүрген жасқа еріксіз риза боласыз. Оның еңбекқорлығы қазіргі жастарға үлгі-өнеге боларлықтай.

1944 жылы 14 қарашада Алматыда КСРО халық комиссарлар кеңесінің қабылданған Қаулысы бойынша дене тәрбиесі институты құрылды.

Нақтылай айтар болсақ, Қазақстандағы дене тәрбиесі мен қайта өрлеу кезеңі 1944 жылы басталды.

Дене тәрбиесі институты Орта Азия мен Қазақстандағы тұңғыш жоғарғы дене тәрбиелеу оқу орны болды. Онда жоғарғы дәрежелі оқытушылар білім берді. Олардың қатарында Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер, профессор П.О.Исаев, профессор А.Д.Бернштейн, Т.В.Скипин, Л.П.Леонтьева, А.И.Яшкивич, В.С.Карунина, С.С.Гиржон, Г.А.Мещерский, Б.Г.Макаренко, Ш.А.Хасанов, М.П.Жаров, Л.В.Головин, Ф.А.Грибаус, Е.Л.Жуковская, Н.А.Иванов, А.Н.Горбашев, Н.И.Пономарев сынды ғалымдар дәріс берді. Оқу орнын Ш.Ш.Бекбаев басқарды. 1950 жылы М.С.Сералиев, 1951 жылы

Х.М.Мухамеджанов, 1971 жылы К.Г.Ахметов, 1978 жылы Е.Ш.Асенов, 1982 жылы А.Б.Утешов, 1986 жылы Б.Қ.Қаражанов, 1998 жылдан бері Қ.Х.Закирянов басқарып келеді [5]. Қазақтың дене тәрбиелеу мәдениеті институты 1998 жылы Қазақтың спорт және туризм академиясы болып қайта құрылды [6].

М.Тәнекеев 1947 жылы П.Г.Лесгафт атындағы дене тәрбиесі институтын үздік тәмамдап, ұстаздық, ұйымдастырушылық қабілеті мен ғылыми шығармашылық талантына бек сенім артып, Қазақтың дене тәрбиелеу мәдениеті институтына келіп, «Жеңіл атлетика және шаңғы спорты» кафедрасына оқытушы болып қабылданады. Шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік туған, Ленинградта дәріс алған кезеңі М.Тәнекеевтің ұйымдастырушылық, ғылыми-педагогикалық талантын аша түсті. Спорт маманы одан кейінгі бар ғұмырын бірыңғай ғылым жолына арнады. Қазақ педагогикасының өркендеуіне атсалысып, артында бірнеше еңбектер қалдырды.

М.Тәнекеев бірнеше қоғамдық қызметтерді атқара жүріп, ұлттық спорт тарихын зерттеумен айналысты. 1954 жылдан 1959 жылға дейін «Дене тәрбиесі және ұлттық спорт тарихы» кафедрасының аға оқытушы, доценті қызметін атқарады. 1964 жылдан 1976 жылға дейін «Ұлттық спорт тарихы» кафедра меңгерушісі, 1976-1980 жылдары ректордың оқу ісі жөніндегі орынбасары бола жүріп маман даярлау саясатына баса мән берді. 1990-1996 жылдары «Ұлттық спорт түрлері және дене шынықтыру кафедрасының меңгерушісі, профессор қызметін атқарды. 1995 жылы Қырғыз дене тәрбиесі институтының 40 жылдық құрметіне М.Тәнекеев Қырғыз институтының «Құрметті профессоры» атағына ие болды. 1996 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ спорты және туризм академиясының «Дене шынықтыру мен спорттың теориялық негіздері» кафедрасында профессор қызметін атқарды. Дене тәрбиесі институтында көптеген дүниежүзіне белгілі, Олимпиадалық ойындардың чемпиондары осы ұлағатты ұстаздан дәріс алды және оны әрқашан осы саланың ғылыми атасы деп санады.

Ол институтта еліміздің көк байрағын көкке көтерген олимпиада, әлем чемпиондары дәріс алды. Атап айтсақ: Ш.Серіков, А.Нұрмаханов, А.Айханов, С.Қонақбаев, Ғ.Қосанов, Д.Тұрлыханов, Е.Ибраимов, О.Шишигина сынды т.б. спорт саңлақтары.

М.Тәнекеев өзінің саналы ғұмырында ғалым-ұстаз атанды. Бектілеу Қаражанов, Қайрат

Адамбеков, Елемес Әлімханов, Марат Саралаев, Асылбек Асарбаев сынды ғалымдар шоғыры – Мұратханның аялы алақанын сезініп, көлеңкесін саялап өскен тікелей шәкірттері болып саналады.

М.Тәнекеевтің пайымдауында халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпын, педагогикалық дәстүрлерін зерттеп білу, үйрену жеткіншек ұрпақты мәдениетке тартудың негізі.

М.Тәнекеев ХХ ғасырдағы ел қамын ойлаған тұлғалармен қатар елін бұғаудан арылтуды ойлап, патша өкіметінің отарлау саясатын сынға алып, оның түп-тамырын зерттеп, ғылыми дәйекті пікірлер айтады.

М.Тәнекеевтің зерттеулерінде, дене шынықтыру саласы бойынша, Қазақстанның Ресейге қосылған дәуірінен бастап, Қазан революциясына дейінгі аралықты қамтыған кандидаттық диссертациясы жазылған. 1962 жылы Ленинградтағы өзі дәріс алған П.Г.Лесгафт атындағы дене тәрбиесі институтының Ғылыми Кеңесінде «Қазақстанның Ресейге қосылу кезеңінен ұлы Қазан төңкерісіне дейінгі аралықтағы қазақтың ұлттық спорт және ойын түрлерінің дамуы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын жоғары деңгейде қорғайды [7]. Бұл ол кездегі қазақ жастарының екінің бірінің қолынан келе бермейтін кезең еді. Бұл институтта дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесінің негізін қалаған ғалымдар дәріс беретін.

Бұл еңбектің құндылығы сол, бірінші рет қазақтың ұлттық ойындары ұлттық мәдениеттің бір саласы болғандықтан өз бетінше тарихи зерттеуді қажет ететіндігі жайлы пікірлер айтты.

М.Тәнекеев қазақтың «Тоғызқұмалақ» ойынының ереже тәртіптерін таразылап, бұл халық ойынының қажетті жақтарын ашып, сонымен қатар, басқа да ұлттық қозғалмалы, спорттық ойын түрлеріне тоқталып, анықтама беріп, жіктеп, құнды мұрағат деректеріне сүйене отырып, ғылыми сараланған пікірлер айтады. Осы ойындар түрінің алғаш оқу бағдарламаларын құрастырған ғалым [8].

Профессор М.Тәнекеев негізінен Қазақстандағы Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде дене тәрбиесі мәдениетінің дамуын талдай отырып, тарихта тұңғыш рет, дене мәдениеті мен спорттың екі даму бағытын қара халықтың және ақсүйектік деп көрсетіп, оны формациялық әдістемеге сүйеніп, яғни, таптық тұрғыдан қарастырады. Сонымен бірге ғалым зерттеуінде әскери қолданбалы маңызы бар кейбір спорт және ойын түрлерінің өрлеуіне отаршыл Ресей патшалық өкіметтің саяси көзқарасын атап көрсетеді [9].

М.Тәнекеевтің аталған еңбегінде таптық-формациялық идеологиялық көзқарас тұрғысынан сол заманға сай зерттелгеніне қарамастан, бүгінгі күні өз құндылығын жоймаған, ғылыми тұрғыдан аса жоғары еңбек болып табылады.

М.Тәнекеев 1998 жылы «Қазақстандағы дене тәрбиесі мен спортты дамытудағы ұлттық теория мен практиканың өзара әсері мен ұлтаралық факторлары» атты докторлық диссертациясын екі бірдей мамандық (13.00.04 – дене тәрбиесі, 13.00.01 – жалпы педагогика) шифрымен жоғарғы деңгейде қорғады [10].

Профессор өзінің ғылыми еңбектерінде дене шынықтырудың сонау ерте кезіндегі тарихынан бастап, қазіргі даму кезеңіне дейін жете зерттеген. Оны таразылап айтар болсақ, төмендегіше жіктеуге болады:

1. Қазақстан аумағындағы дене тәрбиесінің ертедегі түрлеріне тарихи-педагогикалық талдауы.
2. Дене тәрбиесі мен спорттағы ұлттық және ұлтаралық көріністер, олардың ерекшеліктерін талдауы.
3. Халықтық педагогикадағы дене тәрбиесінің әлеуметтік-тәрбиелік рөлін талдауы. Оның ішінде ұлттық спорт пен ұлттық ойындарға баса назар аударған.

Мұратхан Тәнекеев қазақтың ұлттық ойындар тарихын зерттеуші ғана емес. Ол Қазақстанда дене тәрбиесі мен спорт мамандарын дайындауға, осы өнердің қазақ әдебиеті мен өнеріндегі орны, мән-мағынасы ретінде ағартушылық жұмыстар да жүргізді. Тағы да ұлтжанды қырларының бірі, тұңғыш рет шәкірт тәрбиелеп қазақ тілінде ғылыми диссертация жаздырған ғалым. Бұл мемлекетімізде тұңғыш болған жаңалық. Тілді, ұлтты сүйгенін осылай іс-әрекетпен дәлелдеді.

Профессор М.Тәнекеевтің саналы ғұмырындағы айтулы еңбегі, ел басына түскен сын сағатта халқының рухын асқақтата көтеріп, қол ұшын берген, ұлтжанды, қазақтан шыққан тұңғыш күрес шебері, күш атасы Қажымұқан Мұңайтпасұлының есімін ардақ тұтып, күллі қазаққа таныстыруы, «Қажымұқан» кітабының алғаш 1963 жылы жарық көруі, кейінгі ұрпақ алдындағы парызы еді. Бұл үлкен еңбекті 2001 жылы қайта өңдеп, толық нұсқасымен халыққа ұсынды. Бұл кітапта бұрын жарық көрмеген тың деректер мен батырдың әрқилы қызметіне байланысты жекелеген мәселелерді пайымдауда тың өзгерістер бар. Бұл кітаптың әр беті – тұнған тарих [11].

М.Тәнекеевтің ұлы палуанға байланысты айтылған: «Қажымұқан қазақ батырларын пір тұтқан, халқының киелі қуаты мен мызғымас

мықтылығының үлгісі деп ұғынған. Адамның өмір сүруінің мәні туған халқының, Отанының мүддесін қорғау деп білетін палуан, ел қорғаны болған ер бабасы Қобыландының ерлігіне өмір бойы табынып өткен», – деген тұжырымы болашақ ғалымның өзіне тән іштей сүйсіну мен оған табынудан шыққан жүрекжарды сөзі болатын [12]. Отан ұлылығын дәріптеп, перзенттік парызын адал атқарған ғұламалар мен ағартушы ғалымдар халқын шын сүйген ерлер еді. Осындай тұлғалардың ішінде профессор Мұратхан Тәнекеевтің еңбектеріндегі патриоттық тәрбие идеялары арқылы, жас ұрпақ тәрбиесіне бағыт-бағдар беретін дүниелер мол деп есептейміз. Онда Қажымұқан Мұңайтпасұлының бойында тұлғалық ерекшеліктер Отансүйгіштік, достық, сыйластық, адалдық, кішпейілділік, туған жер мен тілге зор құрмет сияқты қасиеттерді табуға болады. М.Тәнекеевтің еңбегі Отансүйгіштік, ұлтжандылық тұрғыдағы тәрбие берудің үлгілері, жеткіншек ұрпақтың палуанды жан-жақты танып, ұлағаты мол құндылықтарды бағалауына, өзін-өзі ұлттық рухта намысқа, мәдениетке тәрбиелеуге, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал жасайтын құнды деректерімен аса ерекше бағаланады.

Тұтас ұлттың қадір-қасиетін бір адамның бойынан көргісі келетін дәстүр сабақтастығы, ұрпақ жалғастығы ұғымын пір тұтатын халықтың және адамгершілігіне ерекше мән бергендігінің белгісі.

Кейін бұл кітаптың мазмұны бойынша 1980 жылы «Қажымұқан» атты көркем фильм түсірілді. Бұл Қажымұқанға арналған бірінші көркем фильм болатын. Ол М.Тәнекеевтің ойынан шықты ма, әлде шықпады ма, ол жағы белгісіз. Ал, 1985 жылы экранға шыққан «Знай наших» фильмі ғалымның талғам таразысынан шықпады. Ол туралы Мұратхан Тәнекеев былай деп жазады: Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы 1985 жылы Бүкілодақтық экранға Қажымұқанға арналған «Знай наших» атты көркем фильм шығарды. Өкінішке орай, фильм сценарийінің нашар болғаны соншалық (авторлары С.Қожықов пен Р.Қожықов), толық метражды кинокартина көрермен халықтың қазақ батырының өмір-деректеріне құштарлығын қанағаттандыра алмады. Сондықтан да, палуан туралы толыққанды фильм жасау – болашақтың міндеті болмақ [13].

М.Тәнекеев «Қажымұқан» кітабы жөнінде өз ойын былай түйіндейді: «Міне, өз мүмкіндігімше тірнектеп мәлімет жинап, көптеген атақты адамдардан ерекше, өмір жолы да өзгеше, өзі туып-

өскен қоғам туралы да пікірі бөлек палуан, ұлы тұлға Қажымұқан өмірін зерттеп жүргеніме 50 жылдан асты. 1963 жылы менің Қажымұқан туралы тұңғыш кітабым шықты. Ол мұрағат және ресми мәліметтер негізінде жазылғандықтан, мамандардан да, оқырман қауымнан да жоғары баға алды. Қажымұқанның өмірбаянын зерттеп, анықтауда ақыл-кеңес, өз мұрағаттарынан деректі құжаттар берген академиктер Ә.Марғұлан мен А.Жұбанов, жазушылар С.Мұқанов пен Н.Анов, КСРО-ның халық артистері Қ.Қуанышбаев пен С.Қожамқұлов, спорт саласының қайраткерлері К.Ахметов, Х.Мұхаметжанов, М.Гуннер сынды ғалымдар бұл дүниеден өткенмен де, артына өлместей мұра қалдырған азаматтарға Алла разы болсын», – деп ризашылығын білдірген еді. Әсіресе мен үшін академик Мәлік Ғабдуллиннің кейбір сын ескертпелерінің пайдасы бөлекше, – дейді [14].

Халқымыздың біртуар ұлдарының бірі, жазушы, КСРО батыры Мәлік Ғабдуллиннің М.Тәнекеевке арнайы хат жолдап, өзінің ұсыныс-пікірлерімен бөлісіп, «Үлкен кітаптың кішкентай авторы», – деп өзінің ризашылығын білдірген болатын. 2001 жылы «Қажымұқан» атты үлкен монографияны қайта өңдеп халыққа толық нұсқасын мұра етіп қалдыра отырып, ғалым Бүкілодақтық баспасөзде Қажымұқан туралы жазылған күн менің есімде мәңгі сақталады. Олай болатыны – Қажымұқан менің шығармашылық қызметімнің бір бөлшегіне, ақиқатын айтуға бағытталған ғылыми ізденістерімнің дем берушісіне айналды. Менімен бірге ұлы палуанды қадір тұтқан миллиондардың қуанғаны анық еді. Өйткені батыр екінші рет қайта туып, халқымен қауышты. Ұмытылып барып, атақ-даңқтың шырқау шыңына шықты. Батырдың, халқының адал ұлының өмір жолын осылай бағалар едім, – деп жазуы өзінің алға қойған мақсатының орындалғанын аңғартады [15].

Тәуелсіздікке қол жеткізген мемлекетіміздің болашағына тұтқа болар еліміздің жас ұрпақтарына тәлім-тәрбие беруде Мұратхан Тәнекеевтің тарихи-педагогикалық шығармашылығының құндылығы айқындалып, ондағы педагогикалық ой-пікірлері бүгінгі уақыт талабына негізделген өзектілігімен сипатталғандықтан, оны оқу-тәрбие үдерісіне ендірудің қажеттілігі дәлелденеді.

Кез келген адамның өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттері болатыны анық, бірақ осыған қарамастан ол қоғамның қойып отырған талап-тілектеріне жауап беруі тиіс. Себебі, әрбір адам ортада өмір сүретіндіктен қоғамнан тыс шеттеп

қала алмайды. Жеке тұлғаның қоғамнан алар орны оның сол ортаға қалай сіңісетіндігімен, оның талаптарын орындауда қабілетінің қай дәрежеге сай келетіндігімен анықталады.

Бүгінгі қоғамдық қажеттіліктер егеменді еліміздің әрбір азаматының, әрбір жас ұрпақтың бойында қалыптасуы тиіс қасиеттерді нақтылап көрсетеді және олардың даму деңгейі тәрбиенің тиімділігін дәлелдейді.

Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында көрсетілгендей «Қазақстанның мәдени және экономикалық өміріндегі жетістіктері, көп жағдайда, адамгершілік мәдениеті биік, сонымен бірге бәсекеге қабілетті жоғары технологиялық экономиканы ғана емес, асқақ рухани құндылықтарды да жасай алатын мамандардың жаңа буынын дайындауды қамтамасыз етуге бағытталған жоғары білім беру жүйесін түбегейлі қайта құрумен тығыз байланысты» [16].

М.Тәнекеевтің педагогикалық мұраларындағы қазақ этнопедагогикасы материалдарының көрініс табуы бүгінгі жаңа форматтағы мұғалімнің кәсіби даярлығына қойылатын талаптармен үндестік тауып отырғанын айқындадық және оны болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде тиімді пайдалану жолдары қарастырылды.

М.Тәнекеевтің педагогикалық мұраларын оқу барысында жастарымыз ағартушы ғалымның мұраларынан ғибрат алып, өзіндік тәлім-тәрбиелік көзқарасының қалыптасуына игі ықпал етеді. М.Тәнекеевтің тағылымды, мән-мағыналы еңбектері мол болғандықтан, бүгінгі таңда ғалымның бай мұрасына жете көңіл бөлінбей келе жатқаны толғандырады. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмысы негізінде ғалым шығармашылығын жастарды тәрбиелеу ісінде пайдалануды қолға алып, оны оқу-тәрбие үдерісіне ендіру әдістемесін жасап, арнаулы курстың бағдарламасын ұсындық.

1-кесте – «Тәнекеев тағылымы» атты арнаулы курстың тақырыптық жоспары (дене шынықтыру және спорт мамандығында оқитын колледж студенттері үшін).

№	Тақырыптар	Оқытудың түрі		
		Дәріс	СӨӨЖ	СӨЖ
		Сағат саны		
1	М.Тәнекеевтің өмірі мен шығармашылық жолы	2	2	3
2	М.Тәнекеевтің Қазақстандағы дене тәрбиесі мен спорттың даму және қалыптасуына қосқан үлесі	3	2	3
3	М.Тәнекеевтің тарихи-педагогикалық шығармаларының педагогика ғылымының дамуына ықпалы	4	4	3
4	М.Тәнекеевтің ұлттық спорт түрлері мен ойындарының дамуына ықпалы, тәрбиелік тағылымдары	2	3	3
5	М.Тәнекеевтің педагогикалық мұрасындағы патриоттық тәрбиесі	4	4	3
Барлығы		15	15	15

Атақты орыс педагогы К.Д.Ушинский: «Егер педагогикада адамды жан-жақты тәрбиелегісі келсе, онда ол ең алдымен оны да жан-жақты біліп алуы керек», – деген болатын [17].

Біз де осы қағиданы ұстана отырып студенттердің білімін, іскерлігін, дағдысын анықтап алуды қажет деп есептедік.

М.Тәнекеевтің тарихи-педагогикалық шығармашылық мұрасында тәрбиенің сан алуан түрлерін (отансүйгіштік, адамгершілік, интернационалистік, еңбек) қамтығанын анықтадық.

Бүгінгі таңда бұлардың әрқайсысы тұлғаның жан-жақты қалыптасуын толықтырады, қоғам талабына сай жетілуіне өз ықпалын тигізеді. Дегенмен, біз ғылыми зерттеуімізде студенттерді Мұратхан Тәнекеевтің шығармашылығымен таныстыра отырып, ондағы педагогикалық көзқарасын кеңінен талдаумен қатар, ғалымның шығармашылық мұрасы негізінде жастарды еңбек-сүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелеуге талпындық.

Студенттер қоршаған ортасын жан-жақты танып, меңгерулері арқылы олардың өзіндік

тәжірибесі мен құрбы-құрдастарымен, спорт сайысындағы қарсыластардың тұрақты қарым-қатынасы қалыптасады, тұлға ретінде толық жетілгендігін білдіру үшін өзін-өзі тани білу қажеттілігі өседі. Жастар айналасындағы адамдардың ықпалына көбірек бағынады, пікіріне сүйенеді, өз идеалын табуға ынтық болады, өзін танытудың жолдарын қарастырады. Сол себептен осы кезде оларға дұрыс адамгершілік бағдар беріп, өзіндік тәрбиелеудің жолдарын көрсетіп, негізгі адамгершілік категориялары жайлы моральдік білім беру қажет.

Бұл арнаулы курс М.Тәнекеев мұрасындағы педагогикалық пікірлері негізінде жасалынғанын атап өтеміз. Ғалым М.Тәнекеевтей ұлтының мәдени мұрасын қастерлеген, терең зерттеген асыл азаматтың әруағын сыйлау, құрмет тұту, ерен еңбегін елеу арқылы ел есінде есімін мәңгі сақтаудың нышаны болар еді.

«Сүйер ұлың болса сүй, сүйенерлік болса ол», – деп ұлы ақын Абай айтқандай Мұратхан Тәнекейұлы ел құрметіне мәңгі бөленуге тұрарлық асыл азамат, ұлы тұлға. Ол жөнінде тебірене пікір айтып, жүрегіңіздің түбінде жүрген асыл сөздерді арнауымыз біз сияқты әріптестеріне парыз деп есептеймін. Бұл М.Тәнекеевпен ұзақ жылдар бойы дәмдес, қызметтес, ниеттес болған зиялы қауымның көпшілігінің жүрегінде жүрген ой пікір. Осы орайда көптеген дене тәрбиесі ғалымдарының М.Тәнекеевті еске алу орайына ұнтаспаға басылынып алынған келелі ойларын студенттерге ұсыну.

М.Тәнекеевтің ғылыми-педагогикалық мұраларын оқу-тәрбие үдерісінде іске асыру, жұмыстарының нәтижесін көру, тиімділігін айқындау мақсатында М.Тәнекеев шығармаларынан дәріс, студенттердің оқытушымен өз бетінше жұмыс сабақтарында педагогикалық эксперимент жүргізілді.

Тәжірибелік жұмыс 2022-2023 жылдары Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы Жалаңтөс Баһадүр атын-дағы Олимпиадалық резервтің облыстық маман-

дандырылған мектеп-интернат-колледжі «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 1-3 курс студенттерімен жүргізілді. Біздің ғылыми зерттеуімізді жүргізуде жалпы 175 студент қатысып, оның 88 студенті эксперимент тобы, 87 студенті бақылау тобы болды. Студенттердің М.Тәнекеевтің педагогикалық мұраларын қаншалықты дәрежеде меңгергендігі, адамгершілік қасиеттері мен еңбекке деген көзқарастары сауалнама, әңгімелесу, тесттік тапсырмалар, өзіндік жұмыстары арқылы тексеріліп, анықталды. Ол студенттердің білім сапасы мен тәрбиелілігін мына деңгейлерде көрсетуге мүмкіндік берді.

**Төменгі деңгей.** Студенттердің М.Тәнекеев шығармашылығынан мағлұматтары аз, ғалымның ұлттық тәлім-тәрбие және рухани-адамгершілік құндылықтар, ұлттық спорт түрлері жөніндегі ой-пікірлерін білмеуі, түсінбеуі. Сонымен қатар, олардың адамгершілік қасиеттері мардымсыз, еңбек етуге икемсіз, өз мұратына еңбекпен жетуді мақсат тұтпауы, қоғамдық жұмыстарға деген белсенділік көрсеткіштері төмен болуы есепке алынды.

**Ортаңғы деңгей.** М.Тәнекеевтің шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерін анықтағанымен, оларға еркін сипаттама бере алмауы, өздерінің дүниетанымын қалыптастырудағы әсері жайлы ойланбауы, әрі практикада қолдана алмауы. Ал, студенттердің тәрбиелік жағын бақылау барысында еңбек дағдыларының қалыптаспағандығы, бірақ еңбек етуге талпынуы, құрметпен қарағанымен, қолынан келген көмегін ұсына білмеуі негіз болды.

**Жоғары деңгей.** М.Тәнекеев шығармаларын қызығушылықпен оқуы, ғалым мұрасындағы педагогикалық идеялардың Отансүйгіштік, еңбексүйгіш және ұлттық сана-сезімі қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеуде ықпалы зор деп есептеуі, талдап, жүйелеу дағдыларының болуы. Сондай-ақ студенттердің еңбексүйгіштік және адамгершілік қасиеттерінің толығымен қалыптасуы.

Тәжірибелік-эксперимент үш кезеңде (анықтау, қалыптастыру және нәтиже шығару) жүргізілді.

2-кесте – Анықтау кезеңі

№	Студенттердің білім мен тәрбие көрсеткіштері	Эксперименттік топ			Бақылау тобы		
		жоғары	орташа	төмен	жоғары	орташа	төмен
1	М.Тәнекеевтің шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік тағылымдарды меңгеруі	6,7	46	47,3	6,9	46,6	46,5
2	Студенттердің еңбек дағдысы мен іскерлігі	27,9	49,2	22,9	28,6	49,6	21,8
3	Студенттердің адамгершілік құндылықтарының қалыптасуы	26,3	39,6	34,1	26,7	38,9	34,4



Тәжірибелік-эксперименттік жұмысын жүргізу барысында М.Тәнекеевтің шығармашылық мұрасымен терең таныстыру, оқыту мен тәрбиелеудің түрлі әдістерін пайдаланып іс жүзіне асыру арқылы студенттердің ғалым шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері туралы білімдері, іскерліктері және дағдылары қалыптастырылды, яғни оларға М.Тәнекеевтің педагогикалық көзқарастары негізінде тәрбие алуға бар мүмкіндіктер жасалды.

Бақылау әдісін қолданып, сауалнама жүргізу арқылы студенттердің бойындағы адами қасиеттері мен еңбексүйгіштік сезімдері қаншалықты дәрежеде дамығанын анықтау мақсатында оларға төмендегідей сұрақтарға жауап беруді ұсындық: 1. Достарыңның қандай қасиеттерін бағалайсың? 2. Өз бойыңдағы қандай ұнамсыз қасиеттерден арылғың келеді? 3. Үлкендерге көзқарасың қандай? 4. Бастаған жұмысыңды аяғына дейін жеткізесің бе? 5. Орындалған жұмыстың мінсіз болуына көңіл бөлесің бе? 6. Жұмысты ертеңге қалдыруға әуессің бе? 7. Жұмыс барысында тек адал, әділетті жолмен жүруге бола ма? т.б. Сонымен қатар, студенттермен сұхбаттасу, пікір-талас өткізу, тақырыпқа қатысты шығармалар жазу («Менің өмірімдегі дене тәрбиесі мен спорттың маңызы», «Менің жақсы қасиеттерім мен кемшіліктерім», «Менің пір тұтатын тұлғам»), М.Тәнекеев шығармаларын үлгі ретінде алу, тәрбиелік жағдаяттар тудыру арқылы қалыптастыруға талпындық.

Егерде студенттердің оқумен қатар еңбекке де көзқарасы дұрыс қалыптасатын болса, онда ол алдағы уақытта қоғамдық пайдалы еңбекке ұласуына негіз болады. Студенттерді еңбекке тәрбиелеудің қайнар көзі ретінде М.Тәнекеевтің шығармаларындағы адамның өміріндегі еңбек-тің мәні, еңбек ерлерінің адамгершілік бейнесі, оның қоғамға тигізер ықпалы туралы нақты білімді меңгерулерін қадағалап, есепке алдық.

Студенттердің тәрбиелілігі төмендегідей өлшемдер бойынша бағаланды.

Еңбексүйгіштік қасиеті: оқуда өз күш-жігерімен адал білім алуы; дене еңбегінде орындалған жұмысының сапасы жоғары болуы; кез келген жұмысты уақытында орындауы; қоғамдық жұмыстарға белсене араласуы; ұйымдастырушылық қабілеті, өз мамандығына қызығушылығы, еңбекке етуге зор ынта-ықыласының болуы.

Адамгершілік қасиеті: мейірімділік; ар-ұяттылық; әділеттілік; адалдық; тіршілік атаулыға қамқорлық көрсетіп, қайырымдылықпен қарауы; көмекке зәру адамдарға қол ұшын бере білуі; кішілерге ізет, үлкендерге ілтипат көрсете білуі; адамгершілікке жат қылықтарға төзбеуі.


Студенттердің М.Тәнекеев ғылыми шығармалары мен тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерін меңгеруі, адамгершілік және еңбек қасиеттерінің қалыптастыру деңгейінің көрсеткіші анықталып, ол 3-кестеде берілді.

3-кесте – Қалыптастыру кезеңі


№	Студенттердің білім мен тәрбие көрсеткіштері	Эксперименттік топ			Бақылау тобы		
		жоғары	орташа	төмен	жоғары	орташа	төмен
1	М.Тәнекеевтің шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді меңгеруі	40,1	57,8	2,1	7,3	47,7	45
2	Студенттердің еңбек дағдысы мен іскерлігі	35,3	62	2,7	29,4	50,2	20,4
3	Студенттердің адамгершілік құндылықтарының қалыптасуы	38,2	58,2	3,6	27,5	41,2	31,3

Егер педагогикалық эксперименттің нәтижесі бойынша эксперименттік топтардағы сандық өзгерістерін салыстырып талдасак,


онда төмендегідей графиктер алуға болады. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері.



1-сурет – М.Тәнекеевтің шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері туралы студенттердің білімі



2-сурет – Студенттердің еңбек дағдысының қалыптасуы



3-сурет – Студенттердің адамгершілікке тәрбиелілігі

Эксперимент нәтижесі бойынша төмендегідей сараптама жасадық:

1. Тәжірибелік-эксперимент жұмысы нәтижесінде М.Тәнекеевтің шығармашылық мұрасындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері анықталып, ғалымның шығармашылығында тәрбиенің көптеген түрлері, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, атап айтқанда, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, еңбек, халықаралық ынтымақтастық, отансүйгіштік тәрбие салалары қамтылғаны дәлелденді.

2. М.Тәнекеевтің шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік идеялар, оның ішіндегі адамгершілікке, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, еңбекке қатысты ой-пікірлері жастарға ізгі адамгершілік, еңбексүйгіштік қасиеттерін қалыптастырып дамытуға ықпал еткені байқалды.

3. М.Тәнекеев шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің теориялық тұжырымдарын практикалық жұмыстармен өзара сабақтастыра қолдану тиімділігін арттырудың бірден-бір жолы екендігін көрсетті.

М.Тәнекеев шығармашылығын зерделеу ғалымның тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерін анықтауға және оны педагогика тұрғысынан жүйеге келтіріп, төмендегідей тұжырым жасауға негіз болды:

М.Тәнекеевтің шығармаларындағы дене еңбегі, ақыл-ой және адамгершілік тәрбиесін қалыптастыратын педагогикалық ой-пікірлері:

а) оқырманның рухани құндылықтарын байытатын М.Тәнекеевтің еңбектері жастарымыздың жүрегіне жол тауып, ұлағаты мол құндылықтарды бағалауына, өзін-өзі ұлттық рухта намысқа, мәдениетке тәрбиелеуге, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал жасайтын, адамгершілікке тәрбиелеуде ақыл-ойына, сана-сезіміне ерекше әсер ететінін көреміз;

ә) ғалым өз шығармалары арқылы игі қасиеттерге баулып, адамгершілігі мол тұлғаларды дәріптеп, әсерлі де тартымды суреттеумен қатар жасөспірімдерді шыңдалу, ержету жолы шымырлы еңбекке толы, спорт өнерінде үлкен мұратқа талпындырған қажырлы қайратымен өмірге қажетті тәжірибе алуын, жинақтаған тәжірибесін адамзат игілігіне жаратып, болашақ ұрпаққа үлгі етуді алға тартады;

б) ұлттық салт-дәстүріміздің арқауы – қайырымдылық, кішіпейілділік, қонақжайлылық, ізеттілік, инабаттылық, үлкенге құрмет көрсету, сыйлау, ар-ұятты сақтау, қамқоршылық қасиеттері отбасы тәрбиесі негізінде қалыптасатынын ғалым өз шығармашылығында айқын көрсете білген;

в) М.Тәнекеев ұлттық намыс пен ұлттық мақтаныш сезімін жастар бойына дарыта білсек,

олардың туған жерін, ел намысын қорғауға дайындайтын отансүйгіштік сезімі мен санасы оянады деп пайымдады;

г) М.Тәнекеев қазақ халқының көне заманнан жоғары мәдениетті, намысты да жауынгер ұрпақ тәрбиелеудің ғаламат ұлттық дәстүрі бар, ұлы даланың ұрпағы екенін, бұл ұлы дәстүрдің кейінгі ұрпақты арлы, қайратты етіп тәрбиелеу қажет деп есептеді.

М.Тәнекеев шығармашылығы жас ұрпақты еңбексүйгіштікке дағдыландыруымен, еліне адал қызмет ететін тұлғаларды тәрбиелеп, ұлттық дәстүрге ұқыптылықпен қарау керектігі, оны дамыту түрі үлкен спортта жетістіктерге жету идеяларымен де құнды. Оны ғалымның:

а) М.Тәнекеев шығармашылығындағы бауырмалдық сезіміне тәрбиелейтін педагогикалық идеялары өзге ұлт өкілдеріне, олардың мәдениеті мен өнеріне құрметпен қарау қасиетін қалыптастырып, Қазақстандағы ұлттар ауызбіршілігіне де септігін тигізери сөзсіз;

ә) сондай-ақ, тәлім-тәрбиелік мәні зор М.Тәнекеев мұрасы тәуелсіз өмір сүріп жатқан елдермен ынтымақтастықты жалғастыруда, дене тәрбиесі және спорт арқылы халықтар достығын нығайту. Елімізде тыныштық пен бейбітшілікті сақтауда да аса құнды екенін дәлелдейді.

**Қорытынды.** М.Тәнекеевтің тарихи-педагогикалық мұраларын талдау барысында білім беру үдерісінде педагогика тарихы негізінде ғалымның мұралары арқылы дене тәрбиесі мамандарының тарихи-педагогикалық санасын қалыптастыру идеяларын анықтауды көздедік. Бүгінгі қоғамдық қажеттіліктер егеменді еліміздің әрбір азаматының, әрбір жас ұрпақтың бойында қалыптасуы тиіс қасиеттерді нақтылап көрсетеді және олардың даму деңгейі тәрбиенің тиімділігін дәлелдейді.

М.Тәнекеевтің тарихи-педагогикалық шығармашылық мұрасында тәрбиенің сан алуан түрлерін (отансүйгіштік, адамгершілік, интернационалистік, еңбек) қамтығанын анықтадық. Бүгінгі таңда бұлардың әрқайсысы тұлғаның жан-жақты қалыптасуын толықтырады, қоғам талабына сай жетілуіне өз ықпалын тигізеді. Дегенмен, біз ғылыми зерттеуімізде студенттерді Мұратхан Тәнекеевтің шығармашылығымен таныстыра отырып, ондағы педагогикалық көзқарасын кеңінен талдаумен қатар, ғалымның шығармашылық мұрасы негізінде жастарды еңбексүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелеуге талпындық.

М.Тәнекеевтің педагогикалық мұраларындағы қазақ этнопедагогикасы материалдарының көрініс табуы бүгінгі жаңа форматтағы мұғалімнің

кәсіби даярлығына қойылатын талаптармен үндестік тауып отырғанын айқындадық және оны болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде тиімді пайдалану жолдары қарастырылды.

М.Тәнекеевтің педагогикалық мұраларын оқу барысында жастарымыз ағартушы ғалымның мұраларынан ғибрат алып, өзіндік тәлімі көзқарасының қалыптасуына игі ықпал етеді. М.Тәнекеевтің тағылымды, мән-мағыналы еңбектері мол болғандықтан, бүгінгі таңда ғалымның бай мұрасына жете көңіл бөлінбей келе жатқаны толғандырады.

Мұратхан Тәнекеевтің еңбектерін, ғылыми-педагогикалық мұрасын зерттей отырып, педагогикалық идеяларына байыпты да, лайықты баға беру тарихи сұраныс деп бағалаймыз. Сондықтан, бұл мәселенің қазіргі кездегі жоғары және орта мектептердегі дене тәрбиесін ұйымдастыруға деген қажеттілігі

мен оның педагогика тарихында жете зерттелмеуі арасында қарама-қайшылықтар байқалады. Бұл, бір сөзбен айтуға сыймайтын, жан-жақты талдауды қажет ететін күрделі мәселе. Дейтұрғанмен, Мұратхан Тәнекеевтің дене тәрбиесі мен спорт бағытындағы ой-пікірлері ешқандай ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде, диссертациялық жұмыстарда зерттелмеген. Ал ғалымның педагогикалық идеялары зерттеуді қажет етеді.

Ғалым өз шығармалары арқылы игі қасиеттерге баулып, адамгершілігі мол тұлғаларды дәріптеп, әсерлі де тартымды суреттеумен қатар жасөспірімдерді шыңдалу, ержету жолы шымырлы еңбекке толы, спорт өнерінде үлкен мұратқа талпындырған қажырлы қайратымен өмірге қажетті тәжірибе алуын, жинақтаған тәжірибесін адамзат игілігіне жаратып, болашақ ұрпаққа үлгі етуді алға тартады.

#### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2003.
- 2 Қуатбеков Ш.Н. Мұратхан Тәнекеевтің педагогикалық мұрасы және оны оқу-тәрбие үдерісіне ендіру: 6М010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша педагогика және психология магистрі академиялық атағын алу үшін жазылған магистрлік диссертация. – Шымкент, 2013. – 131 б.
- 3 Жансүгіров І. Шығармалары. – Алматы, 1988. – 170 б.
- 4 Лаут В. Мечта Муратхана Таникеева // Красный спорт, – 1944. – №11. – 6 с.
- 5 Қазақтың спорт және туризм академиясы. – Мәтін: электронды // Уикипедия: [сайт]. – URL: [https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақтың\\_спорт\\_және\\_туризм\\_академиясы](https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақтың_спорт_және_туризм_академиясы) (өтінім берілген күні: 15.02.2023).
- 6 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.10.1998 ж. Қаулысы.
- 7 Тәнекеев М. Қазақстанның Ресейге қосылу кезеңінен ұлы Қазан төңкерісіне дейінгі аралықтағы қазақтың ұлттық спорт және ойын түрлерінің дамуы: пед. ғыл. канд... авторефераты. – Ленинград, 1962. – 30 б.
- 8 Тәнекеев М., Адамбеков Қ. Қазақтың ұлттық ойындары: Оқу құралы. – Алматы, 1994. – 150 б.
- 9 Тәнекеев М., Асарбаев А. Қазақстандағы дене шынықтыру және спорт тарихы: Оқу құралы. – Алматы: ҚазСТА, 2002. – 173 б.
- 10 Тәнекеев М. Теория и практика взаимодействия национальных и интернациональных факторов в развитии физического воспитания и спорта в Казахстане: дисс. ... док. пед. наук – 13.00.04. – Алматы, КазАСТ, 1999. – 232 с.
- 11 Тәнекеев М. Қажымұқан. – Алматы: «Білім», 2001. – 192 б.
- 12 Қуатбеков Ш.Н. М.Тәнекеев ұстаз, ғалым-ағартушы, тарихи бағыттарындағы зерттеулері. Дене тәрбиесінің жаршысы. – Алматы, 2009. – №2. – Б. 97-98.
- 13 Қуатбеков Ш.Н. Спорттың патриотизм мен ұлтаралық қатынасты дамытудағы орны: Монография. – Қызылорда «Жиенай», 2018. – 176 б.
- 14 Тәнекеев М. Қажымұқан. – Алматы: «Білім», 2001. – №2. – Б. 10-14.
- 15 Тәнекеев М., Асарбаев А. Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорт тарихы: Оқу құралы. – Алматы: «ҚазСТА», 2002. – 173 б.
- 16 Қазақстан Республикасы жоғары білім беру стандарттарының тұжырымдамасы. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың білім беру академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2020. – 97 б.
- 17 Ушинский К.Д. Собрание сочинений. Т. 8: Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии. – 1950. – С. 223.

#### References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn «Madeni mura» memlekettik bagdarlamasy. – Astana, 2003.
- 2 Kuatbekov SH.N. Murathan Tanekeevtin pedagogikalik murasy zhane ony oku-tarbie uderisine endiru: 6M010300 – Pedagogika zhane psihologiya mamandygy boiynsha pedagogika zhane psihologiya magistri akademiyaalyk atagyn alu ushin zhazylygan magistrlik dissertaciya. – Shymkent, 2013. – 131 b.
- 3 Zhansygirov I. SHygarmalary. – Almaty, 1988. – 170 b.
- 4 Laut V. Mechta Murathana Tanikeeva // Krasnyj sport, – 1944. – №11. – 6 s.
- 5 Kazaktyn sport zhane turizm akademiasy. – Matin: elektrondy // Uikipediya: [sajt]. – URL: [https://kk.wikipedia.org/wiki/Kazaktyn\\_sport\\_zhane\\_turizm\\_akademiasy](https://kk.wikipedia.org/wiki/Kazaktyn_sport_zhane_turizm_akademiasy) (otinin berilgen kuni: 15.02.2023).

- 6 Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 28.10.1998 zh. Kaulysy.
- 7 Tanekeev M. Kazakstannyn Resejge kosylu kezeninen uly Kazan tonkerisine dejingi aralyktagy kazaktyn ulttyk sport zhane ojyn tyrlerinin damuy: ped. gyl. kand...avtoferaty. – Leningrad, 1962. – 30 b.
- 8 Tanekeev M., Adambekov K. Kazaktyn ulttyk ojyndary. Oku kuraly. – Almaty, 1994. – 150 b.
- 9 Tanekeev M., Asarbaev A. Kazakstandagy dene shynykytyru zhane sport tarihy / Oku kuraly. – Almaty: KazSTA, 2002. – 173 b.
- 10 Tanikeev M. Teoriya i praktika vzaimvliyaniya nacional'nyh i internacional'nyh faktorov v razvitii fizicheskogo vospitaniya i sporta v Kazahstane: diss. ... dok. ped. nauk – 13.00.04. – Almaty, KazAST, 1999. – 232 s.
- 11 Tanekkev M. Kazhymukan. – Almaty: «Bilim», 2001. – 192 b.
- 12 Kvatbekov SH.N. M.Tanekeev ustaz, galym-agartushy, tarihi bagyttaryndagy zertteuleri. Dene tarbiesinin zharshysy. – Almaty, 2009. – №2. – B. 97-98.
- 13 Kvatbekov. SH.N. Sporttyn patriotizm men ultaralyk katynasty damytudagy orny. Monografiya. – Kyzylorda «ZHienaj», 2018. – 176 b.
- 14 Tanekeev M. Kazhymukan. – Almaty: «Bilim», 2001. – №2. – B. 10-14.
- 15 Tanekeev M., Asarbaev A. Kazakstandagy dene shynykytyru men sport tarihy. Oku kuraly. – Almaty: «KazSTA», 2002. – 173 b.
- 16 Kazakstan Respublikasy zhogary bilim beru standarttarynyn tuzhyrymdamasy. – Almaty: Y.Altynsarin atyndagy kazaktyn bilim beru akademiya synyn Respublikalyk baspa kabineti. 2020. – 97 b.
- 17 Ushinskij K.D. Sobranie sochinenij. T. 8: Chelovek kak predmet vospitaniya. Opyt pedagogicheskoy antropologii – 1950. – S. 223.

<p><b>Хат-хабарға арналған автор (бірінші автор)</b></p> <p>Қуатбеков Шеризат Ниеталыұлы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының аға оқытушысы, магистр, Қызылорда қ., Қазақстан, e-mail: sheri_nur@mail.ru ORCID: <a href="https://orcid.org/0000-0002-1632-1330">https://orcid.org/0000-0002-1632-1330</a></p>	<p><b>Автор для корреспонденции (первый автор)</b></p> <p>Қуатбеков Шеризат Ниеталиевич – магистр, старший преподаватель кафедры начальной военной подготовки и физической культуры, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Казахстан, г. Кызылорда, e-mail: sheri_nur@mail.ru ORCID: <a href="https://orcid.org/0000-0002-1632-1330">https://orcid.org/0000-0002-1632-1330</a></p>	<p><b>The Author for Correspondence (The First Author)</b></p> <p>Kvatbekov Sherizat Nietalievich – Master’s degree, senior lecturer of the Department of Primary Military Training and Physical Culture, Kyzylorda University KorkytAta, Kazakhstan, Kyzylorda, e-mail: sheri_nur@mail.ru ORCID: <a href="https://orcid.org/0000-0002-1632-1330">https://orcid.org/0000-0002-1632-1330</a></p>
---	---	---